

# ЛЕНИН ТУУ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 99 (9161)

1953

жылғы

19

май

Сейсенбі

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Мал өсірушілер арасында саяси үгітті кеңінен өрістетейік

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары социалистік ауыл шаруашылығын жаңадан мықтап өркендетудің перспективаларын, айқын жолдарын белгілеп берді. Съезд мал шаруашылығын өркендетудегі негізгі міндет: бұдан былай да колхоздар мен совхоздардың қоғамдық малының санын көбейту, сонымен бірге, оның өнімділігін едәуір арттыру болып қала береді деп атап көрсетті.

Съезд алға қойған бұл жауынгерлік міндетті мінсіз жүзеге асыру—жергілікті партия, совет ұйымдарының және ауыл-шаруашылық орындарының өте жауапты міндеті, ардақты борышы болып саналады. Бұл міндетті аброймен орындау мүддесі әрбір мал өсірушінің мал шаруашылығының барлық саласын бірдей өркендетуді, оның үлкенді-кішілі жұмысына үнемі көңіл бөліп, зор қамқорлық жасап отыруды талап етеді.

Мал шаруашылығын өркендету міндетін тек қана малдың санын көбейтумен орындайды деп ұғынуға болмайды. Бұл міндетті малдың санын көбейтумен қатар, оның тұқымын асыздандырып, өнімділігін арттырғанда, әрбір ферманы мол өнімді, жоғары товарлы, көп табыс келтіретін шаруашылыққа айналдырғанда ғана орындалды деп есептеу керек. Ал, мұның өзі мал шаруашылығына біржақтылықпен қарамай, оның әрбір саласын бір мезгілде өсіріп, өркендетуді керек қылады.

Шопандар, сыйыршылар, жылқышылар, шешқа, құс күтушілер, құрылысшылар мен пішеншілер бригадаларының мүшелері және мал дәрігерлері мен зоотехниктер қоғамдық мал шаруашылығында шешуші роль атқарады. Мал шаруашылығының барлық саласын бірдей бір мезгілде өркендетудің кілті—онда тікелей жұмыс істеп жүрген, міне, осылардың қолында. Сондықтан партия, совет ұйымдары олардың арасында саяси үгітті мейлінше күшейтіп, мал өсірушілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісін жақсарту берулері керек.

Саяси үгіт еңбекшілерді тәрбиелеуде

Фермаларда дауыстап газет оқыды. Қабырға газеттерін, жауынгерлік листоктар шығаруға көмектесті. Социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуын ұйымдастырды. Сөйтіп, мал өсірушілердің шын мәніндегі ақылшысы, досы бола білді. Осы сияқты парменді саяси үгіттің нәтижесінде аталған совхоздар мен колхоздардың фермаларында еңбек дүрыс ұйымдастырылды, мал өсірушілердің өндірістік белсенділігі артты. Барлық түлік қыстан әрі аман, әрі күйлі шықты.

Алайда, облыстың кейбір колхоздары мен совхоздарында мал қыстату быйыл өте нашар аяқталды. Жекелеген колхоздарда мал азығының тапшы болуы себепті мал шығыны болды. Мәселен, Көнжухов ауданындағы «Жаңа тұрмыс», «Новый путь», Ленин ауданындағы «Орталық», «Искра», «Земледелец», Булаев ауданындағы «Красное знамя», «Победа», «Страна Советов» колхоздарының фермаларында еңбектің дүрыс ұйымдастырылмауынан, мал күтімінің нашар болуынан, жемшөптің жетпеуінен мал шығыны аз болған жоқ. Ал, бұл колхоздарда малды бағып, күту ісі көзiргi жазғы жайылымның өзінде де тиісті дәрежеде ұйымдастырылмай отыр.

Мал шаруашылығында мұндай үлкен олқылықтардың орын алуының негізгі бір себебі—мал өсірушілер арасында саяси үгіттің тиісті дәрежеде жүргізілмегендігі, бұл жауапты жұмысқа аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдарының жеткілікті көңіл бөлмегендігі болды.

Жергілікті партия, совет ұйымдары бұл кемшіліктерді жоя отырып, мал шаруашылығында алға қойылған міндеттерді орындау күресіне барлық совхоз жұмысшылары мен колхозшыларды жұмылдыра білулері керек. Мүмкін болған жағдайда фермаларда партия топтарын ұйымдастыру, немесе фермаларға коммунистерді көптеп бөлу арқылы оларда партия ұйымы нақпалын күшейтіп, саяси үгіттің кең өріс алуын қамтамасыз ету қажет.

Партия ұйымдары саяси тапшылық



### Совхоздар бидай егуді аяқтады

Партияның XIX съезінің директиваларын жүзеге асыра отырып, облыс совхоздарының егіншілері мол өнімнің негізін қалауда. 15 майда барлық совхоздар бағалы азық-түлік дақылы—бидай себуді аяқтады. Быйыл бұл дақыл жақсы жұмысталған пар мен зябке себілді. Барлық шаруашылықтарда өнімді мол беретін жоғары сортты тұқым егілді. Ұзынкөл, Қыялы, Киров атындағы және басқа да совхоздар бидай дақылын жоспардағыдан анағұрлым көп септі.

Себу жұмыстарында озат агротехниканың табыстары кеңінен қолданылды. Тұтас алғанда совхоздар тоғыспалы және тарқатарлы әдістермен 35 мың гектардан астам жерге тұқым септі. Торанғұл және Преснов совхоздарының егіншілері жоғары агротехниканы ендіру мәселесімен кеңінен шұғылданды. Торанғұл совхозында тоғыспалы және тарқатарлы әдістермен барлық егін алаңына дерлік тұқым себілді, ал, Преснов совхозында бұл әдістермен дөңді дақылдардың 70 проценттен астамы егілді.

Қыялы совхозының егіншілері бидай себудің жоспарын 115,6 процент орындады. Мұнда механизаторлар үлгілі еңбек етті. Тракторшы Душкин жолдас бір сменада норма бойынша 100 гектар орнына, 150 гектар жерге тұқым сеуіп отырды.

Егісті аяқтасымен бірқатар совхоздар пар жыртуға кірісті.

### Почта арқылы кітап алғызу

Облыстық кітапханада арнаулы «Почтамен кітап алғызу» бөлімі ұйымдастырылған болатын. Бұл бөлім қала еңбекшілерінің еліміздің әр жерінен өзіне

### Ауданның барлық колхоздарын радиоландырамыз

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезі елді радиоландыруды аяқтау, әсіресе, ауыл-селолық жерлерді радиоландыру, сол сияқты, радио құралдарының жұмысын онан әрі жақсарту жөнінде байланыс қызметкерлері алдына аса зор міндеттер қойды.

Съезд қарарларымен жігерленген ауданымыздың байланысшылары ауданның партия, совет және комсомол ұйымдарының көмегіне сүйене отырып, колхозды ауыл-селоларды радиоландыру жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды. 1952 жылы ауданда 4 колхоз радиоландырылуға тиіс болса 8 колхоз және Согровск орман шаруашылығы радиоландырылды. Үстіміздегі жылдың басына дейін 412 радиоточка жұмыс істеген болатын. Ал, быйылғы үш айдың ішінде, яғни 1 апрельге дейін радиоточкалардың саны 498-ге жетті. Тоқшын совхозындағы, № 1 және № 3 фермалардағы радиотораптары 122 радиоточканы қамтыйды. Көзір ауданымызда 11 колхоз толық дерлік радиоландырылған.

Үстіміздегі жылы Киров атындағы және «Красное знамя» колхоздарында радиоторабын салуға кіріскелі отырмыз. Сол сияқты, қажет болған реттерде колхоздарға техникалық көмек көрсетіліп тұрады.

Радиоторабы бар колхоздардың колхозшыларынан радиоточка орнатылуына тілек білдірушілер өте көп. Бірақ, аудандық тұтынушылар одағы колхозшыларды репродукторлармен, радиокабылдағыштармен және оларға керекті шамдармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ете алмай келеді.

Жергілікті партия, совет ұйымдарының көмегіне сүйене отырып, ауданымыз

### Механизаторлардың жемісті еңбегі

«Бұлақ» ауылшаруашылық артелінің (Ленин ауданы) егіс даласында жұмыс істейтін № 2 трактор бригадасының механизаторлары егіс бригадасының егіншілерімен тығыз байланыс жасап, бірбіріне көмектесе отырып, дала жұмыстарын алғашқы күннен табысты жүргізіп келеді. Механизаторлар егіс жұмыстарының қай саласында болсын, өздерінің үлгілі ісімен көзге түсулі.

Тракторшылар Қашағанов, Баялин жолдастар жер жыртуда жұмыс істейді. Бұл әр елді жүргізетін «С—80» тракторымен смена сайын 16,5 гектар орнына 18—20 гектар жер жырттып, норманы артығымен орындайды. Сол сияқты тракторшылар М. Құдабаев, А. Қойшин жолдастар «НАТИ» тракторымен тұқым себуда сменалық норманы үнемі 150 процент етіп орындап, тамаша табысқа ие болуда. Механизаторлар мұндай көрсеткішке тракторларды ұдайы жоғары техникалық күтімде ұстап, жұмыс уақытының әрбір минутын тиімді пайдалану арқасында жетісті.

Бригаданың басқа да механизаторлары тракторларды күн сайын толық қуатымен жұмысқа қосып, сменалық тапсырманы мінсіз орындап жүр. Механизаторлар мен егіншілердің қажырлы еңбегі нәтижесінде бригадада егіс жоспары ойдағыдай аяқталып келеді.

Е. СМАҒҰЛОВ.

### Сүт тапсыру жоспары асыра орындалды

Октябрь ауданының бірсыпыра колхоздары мен шаруалары 1953 жылдың мемлекеттік сүт тапсыру жоспарын көзірдің өзінде-ақ асыра орындады. Мәселен, «Щит» ауылшаруашылық артели бірінші тоқсанның сүт тапсыру жоспарын 144 процент, «Трудовик» колхозы 108

### Шөп шабуға әзірлік

### Мал азығының берік қорын жасаймыз

Бесінші бесжылдық жоспарда алға қойылған ауыл шаруашылығы саласындағы басты міндеттердің бірі—қоғамдық малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра беру. Бұл міндетті аброймен жүзеге асыру көп реттерде мал азығының берік қорын жасауға байланысты.

Біздің колхозда өткен жылы жемшөп мол дайындалды. Соның нәтижесінде мал қыстату үлгілі өткізілді, қоғамдық мал қыстан күйлі шығарылды. Мал шығынына жол бермей, оның өз төлі есебінен көбеюіне жетістік.

Мал басын быйыл да көбейте беру міндеті жемшөптің тұрақты мол қорын жасауды талап етеді. Бұл міндетті орындауға біздің күш-мүмкіншілігіміз жеткілікті. Табыс кілті—сол күш-мүмкіншілікті толық пайдалана білуде. Қоғамдық мал шаруашылығына мол жемшөп қорын жасау үшін шөп шабуға жақсы әзірленіп, оны ойдағыдай өткіземіз. Бұл жұмысты осы күннен қызу қолға алдық. Көзірдің өзінде 15 ат шөп машинасы, 9 ат тырнаушы жөнделіп, шөп шабуға әзір етілді.

Шөп шабатын, жыйнайтын машиналарды жөндеуде мал өсіруші колхозшылар өнімді еңбек етіп жүр. Мысалы, ұста Байсейітов жолдас шөп шабуға әзірлікте стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп келеді. Ол күндік тапсырманы үнемі асыра орындайды.

Быйыл колхозда 9 кең алымды шөп машинасы жұмыс істейді. Оның біреуі өзінің жүретін кең алымды шөп машинасы. МТС-те машинистер Сапаров, Аманжолов, Құрманқұлов жолдастар бұл күндері өздері жүргізетін машиналарын жөндеуді қызу қолға алды.

Шөп машиналары ғана емес, мал азығын дайындауға қажетті басқа да құрал-жабдықтарды сапалы жөндеуден өткіземіз. Шөп шабуға барлық жағынан тығызлықты әзірленіп, үстіміздегі жылы мал азығының тұрақты мол қорын жасаймыз.

Б. КАНАПИН



партияның саяси өкілетті органы болып табылады. Ол партияның бұқарамен байланысын нығайта береді. Өндірістік міндеттермен тығыз ұштастырыла жүргізілген, идеялық жоғары дәрежедегі саяси үгіт-бұқараның ұйымшылдығын күшейтеді, сүйікті Отанымыздың игілігіне деген патриоттық ынта-жігерін арттырады. Сондықтан мал өсірушілер арасында саяси үгітті бәсеңдетпей, қайта оны өрістете берудің зор маңызы бар.

Мал шаруашылығының жауапты кезеңдерінің бірі — жазғы маусым, демек, малды жайып бағу маусымы басталды. Көзір барлық колхоздар мен совхоздардың малы жазғы жайылымда. Көптеген колхоздардың малы колхоз орталығынан ондаған километр алыстағы жайылымдарға шықты. Мұндай жағдайда ол жайылымдарда мал бағып жүрген мал өсірушілерді саяси үгіт жұмысынан тыс қалдыруға болмайды.

Өткен қыс Пришм және Мамлют мал совхоздарының, Петропавл ауданының Сталин атындағы, Совет ауданының «Көктерек», Полудень ауданының «Красное знамя» колхоздарының фермаларында ондаған үгітшілер жұмыс істеді. Олар саяси үгітті ойдағыдай жүргізе білді. Партия ұйымдары фермаларды ұран, плакат және басқа да осы сыяқты көрнекі үгітпен қамтамасыз етті. Үгітшілер мал өсірушілерге коммунистік идеяны, шындықты насихаттады, еліміздің ішкі және сыртқы жағдайларын айтып ұғындырды, сталиндік бесжылдықтың міндеттерін, оған байланысты өз совхозы мен колхозының міндеттерін түсіндірді.

Сондай-ақ үгітшілер мал өсірушілерге совет адамдарының патриоттық бастамаларын, оның игі нәтижелерін айтып, мал өсірушілерді қажырлы еңбекке шақырды.

## Жоғары оқу орындарының үйлері пайдаланылуға берілуде

Жаңа оқу жылы жақындап келеді. Көптеген жоғары оқу орындары жаңадан студенттер қабылдауға әзірленіп, үй құрылыстарын аяқтауда, лабораторияға арналған бөлмелерді кеңейтуде, аудиторияларды үлкейтуде. Москваның орман техникалық институты жаңа корпус алды. В. М. Молотов атындағы энерготехника институтының профессорлары, оқытушылары мен студенттері үшін мәдени-тұрмыстық және тұрғын үйлер салынды.

Москваның Н. Э. Бауман атындағы жоғары техникалық училищенің үйі негізінен қайта салынады. Бірінші кезегі көзірдің өзінде салынып бітті. Бұл жаңа оқу корпусы өзінің көлемі жағынан бұрынғы үйден әлдеқайда үлкен. Жаңа корпусың орталық бөлегі 13 қабатты болады.

Бесінші бесжылдық жылдарында жоғары оқу орындарынан өнеркәсіптің аса маңызды салалары үшін, құрылыс және ауыл шаруашылығы үшін мамандар даярлап шығару 1950 жылмен салыстырғанда екі есе артады. Жоғары оқу орындарына арналып еліміздің елуден астам қалаларында үйлер салы-

жасалған баяндамалардың, өткізілген әңгімелердің санына ғана мән болмай, оның мазмұнды, әсерлі, өндірістік міндеттермен тығыз ұштастырылған, идеялық жоғары дәрежеде болуына жетісулері керек. Партия ұйымдары үгітшілерді үнемі тәрбиелеп, оларға көмектесумен бірге, олардан зоотехникалық ғылымның табыстары мен озат мал өсірушілердің тәжірибелерін үнемі насихаттап отырды, мал өсірушілердің іскерлігін жетілдіре беруге жетекші күш болуды талап етулері қажет. Сонымен қатар, саяси үгіт жұмысына мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлерін, агрономдарды, зоотехниктерді, механиктерді, дәрігерлерді және басқа мамандарды көптеп қатынастырып отырулары керек.

Саяси үгіттің алуан түрлері бар. Мәселен, саяси тақырыпта баяндама жасау, ұйымдасқан бірнеше адаммен немесе жеке адаммен әңгіме өткізу, олар арасында дауыстап газет, журнал, кітап оқу, радиотыңдауды ұйымдастыру, кинофильм, пьеса көрсету, ұран, плакат, көрсеткіш тақтасы сыяқты көрнекі үгіт құралдарын көрсету. Партия ұйымдары саяси үгіттің осы сыяқты толып жатқан түрлерінің еңбекшілердің өскелең талабына сай жүргізілуін қамтамасыз ету үшін оның орындалуына үнемі бақылап, үгітшілер тобына, үгіт бригадаларына нақтылы басшылық жасап отырулары қажет.

Жазғы жайылым кезінде мал өсірушілер арасында саяси үгітті өрістете берейік. Мал өсірушілердің қажырлы еңбек етіп, мал шаруашылығын өркендету жөнінде партияның XIX съезі алға қойған міндеттерді мінсіз жүзеге асыруына, Отанымыздың күш-қуатын нығайта беру ісіне әрбір мал өсірушінің келелі үлес қосуына жетісейік!

нуда. Быйылғы жылы ғана оқу үйлері үшін және студенттік жатақханалар үшін, профессор-оқытушылар құрамы үшін көлемі 400 мың шаршыметр тұрғын үй салынады.

Москвада академик И. М. Губкин атындағы мұнай институты, В. В. Куйбышев атындағы инженерлік-құрылыс институты, В. Р. Вильямс атындағы су шаруашылығының инженерлері институты үшін оқу корпустары және тұрғын үйлер салынады. Жоғары оқу орындары үшін ондаған корпустар Ленинградта, Горькийде, Курскіде, Таганрогте, Рязаньда, Харьковте, Минскіде салынып жатыр. Жаңа үйлерде лабораториялық бөлмелер және аудиториялармен қатар концерт қойылатын зал, физкультура павильоны, мастерскойлар жасалуда. Бірсыпыра жоғары оқу орындарында ірі кітапханаларға арналып үлкен үйлер салынады. Саратовта 2,5 мың том кітабы бар университеттік кітапхана үшін, Черновицы институтында 750 мың том кітабы бар кітапхана үшін үйлер салынады.

(СОТА)

биет кітаптар алып оқуына зор көмек көрсетіп келеді.

Құрылыс-монтаж басқармасының баяушысы Дисан Зейнолов Москвадағы Ленин атындағы Ленин орденді СССР Мемлекеттік кітапханадан осы бөлім арқылы «Молярлық және декоративті көркем жұмыстар», шағын двигательдер заводының конструкторы Михаил Васильевич Крутов — «Машина бөлшектерінің есебі», «Станок бөлшектерінің есебі» деген кітаптарды, Киров атындағы заводтың технологі Шепелев—тіл білімі жөнінде бірқатар лекциялар алды.

Облыстық кітапхананың «Почтамен кітап алғызу» бөлімі қаладағы оқу орындарының оқушыларына да көмектесуде.

Көптеген петропавлдықтар Ленинградтан, Алматыдан, Новосибирскіден түрлі кітаптар алды.

Р. ХАМИТОВ.

## БАЛАЛАР ЯСЛИИ САЛЫНДЫ

Колхозда қоғамдық еңбекке колхозшы әйелдердің толық қатысуын қамтамасыз ету үшін «Сталин жолы» колхозының басқармасы (Преснов ауданы) балалар яслиін ашуды ұйғарды. Сөйтіп, 3 бөлмелі арнаулы үй салып, балалар яслиін ашты. Ясли жақсы мебельдермен жабдықталған, сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етілген.

Көзір колхозшы әйелдердің 20-дан астам балалары осы яслиде тәрбиеленеді.

А. ЖҰМАБАЕВ,  
Т. ХАМЗИН.

жылы барлық колхоздарды радиоландыру үшін аянбай күш жұмсайды.

Г. ХАСЕНОВ,

Полудень аудандық байланыс мекемесінің бастығы.

## Жаңалық тапқыштар

Петропавл паровоз депосының автомат цехының мастери А. Е. Зайцев жолдас өзінің техникалық және саяси білім дәрежесін арттыра беру үшін көп оқып, көп ізденеді. Автомат цехының жұмысын жақсартуға арналған оның ұсыныстары өндіріске енгізіліп, мемлекетке бір жыл ішінде 46 мың 887 сом пайда келтірді. Зайцев жолдасың жаңалық тапқыш ұсынысы өндіріске қолданылғанға дейін паровоз котеліне су түтік арқылы жіберілетін де су камері тозғаннан кейін алынып тасталатын. Мастер Зайцев жолдас паровоз котелінің қоректендіру түтігіндегі су камерін жөндеу арқылы қалпына келтірудің жаңа әдісін ойлап шығарып, су камераларын пайдаланудан мүлдем алып тастауды өзгертті.

Инженер М. Т. Савин жолдас паровоздың бұға айналатын суы құйылған басқа қосымша бөлшек жасауды ұсынып отыр. Баққа орнатылатын бұл бөлшек судың жақсы тазаруына мүмкіншілік береді, сөйтіп, бакты жуып тазартудың нәтижесінде паровоздың тоқтап қалуын жояды. Бұл ұсыныс өзінің жақсы нәтижелерін беруде. Егер инженер Савин тапқан жаңалық ұсыныс өндіріске толық енгізілсе, мемлекетке жылына 800—900 мың сом пайда келтіріледі.

процент етіп орындады. Сол сыяқты, Городецк селолық Советінің қамтуындағы шаруалар мемлекетке сүт тапсыру жоспарын 210 процент, Коновалов селолық Советінің қамтуындағы шаруалар 175 процент етіп орындады.

## Жаңа құрылыстар

Октябрь ауданының бірқатар колхоздары жаңа құрылыстар салу ісін қызу қолға алды. Киров атындағы, Ленин атындағы колхоздарда көзір сыйыр, қой қоралары және төл үйлері салынып жатыр.

Жамбыл атындағы колхоздың басқармасы быйыл радиоторабын салуды, движок орнатуды жоспарлаған болатын. Колхоз басқармасы жұмысты бір-бірімен ұштастыра жүргізуде.

Мұнда көзірдің өзінде 22 аттық күші бар движок орнатылып, радиоторабын салу үшін қажетті материалдар сатып алынды. Құрылысшылар бригадасы радиоторабын салуға кірісті.

А. ЖАРҚЫНОВ.

## ЕҢБЕК ӨРЛЕУІ

Преснов ауданындағы Ленин атындағы колхоздың колхозшылары мал басын өсіруде үздік еңбек етуде.

Мәселен, Жайсанов жолдасың мал шаруашылығындағы еңбегін алыңыз. Ол өткен жылы бие сайын бір құлын алып, оны шығынсыз өсіргенді. Жылқышы быйыл бұдан да зор табыстарға жетпек. Көзір ол осы жолда еселенген жігермен еңбек етіп жүр. Таңдаулы жылқышы бұл күндері қарамағындағы жылқыны аман өсіріп, зор табыстарға жетуде.

Қ. ТАЙКЕНОВ.

Октябрь ауданы, «Қызыл ту» колхозының председатели.

## Чистян МТС-інде

Өзара жасасқан шарт бойынша Чистян МТС-і үстіміздегі жылы мал азығын дайындау жөнінде қамтуындағы колхоздарға көп көмек көрсетпек. МТС шөп шабуға әзірлік жұмыстарын осы күннен қызу қолға алды. Шөп шабатын, жыйнайтын машиналар мен басқа да құрал-саймандарды жөндеуге арнаулы адамдар бөлінген. Шөп шабуға әзірлік жұмыстарын механик Шевченко жолдас басқарып жүр.

Быйыл МТС-те 60 кең алымды шөп машинасы жөндеуге тиіс еді. Көзір бұдан 53 шөп машинасы жөнделіп, колхоздарға жөнелтілген. Жөндеу жұмысында, әсіресе, слесарьлар үздік табыстарға жетуде. Слесарь Н. Васинков жолдас күндік норманы үнемі 140—150 проценттен орындап жүр. Алексей Махнев жолдас өткен жылы өз машинасымен «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жұмыс істеді. Ол бұл жылы 1500 гектар жердің пішенін шапқан болатын. Озат машинашы пішен шабуды үстіміздегі жылы да табысты өткізуге ұйғарып отыр. Махнев жолдас машинасын пішен шабуға көзірдің өзінде толық әзірлеп қойды.

Өздігінен жүретін кең алымды шөп машинасын жөндеуде қызу қолға алынған. Мұндай 4 пішен машинасының екеуі жөнделіп болуға жуық. Сол сыяқты, 30 тырнауыштың 28-і жөнделіп болған. МТС-те шөп жыйнайтын басқа да құрал-жабдықтар сапалы жөндеуде.

МТС коллективі пішен шабуға үлгілі әзірлік жүргізіп, быйыл қоғамдық мал шаруашылығы үшін жеміштің берік қорын жасамақ.

Б. ЖАҚЫПОВ,  
(Өз тілшіміз).

## БІРЖАРЫМ-ЕКІ НОРМА

Чапаев атындағы МТС-те шөп шабуға әзірлік жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Мұнда шөп машиналары сапалы жөндеуде. Көзір шөп машинасының 45 шалғысы, 3 тырнауыш, 2 шөп шөмелегіш жөнделіп болды.

Жөндеу жұмысында механизаторлар көрнекті табыстарға ие болып жүр. Псаев, Ветчиник жолдастар шөп шабуға әзірлікте ұдайы жоғары көрсеткішке жетісіп келеді. Бұл екеуі сменалық норманы 150—200 проценттен орындайды.

Механик Таберта жолдас басқарған мотор жөндеу цехында жұмыс істейтін механизаторлар да стахановтық еңбектің үлгісін көрсетуде. Мұнда Саидалов жолдас сменалық норманы 120—150 процентке дейін орындап, үлгілі ісімен көзге түседі.

М. СҮЛЕЙМЕНОВ.



Чистов астық совхозының жеміс-бақша парниктерінде ерте пісетін овощтар өсірілуде. Мұнда көзір қыяр, сарымсақ, салат және помидорлар бар. СУРЕТТЕ: помидорларға су құю және басқа овощтарды күту.

Суретті түсірген А. Розенштейн.



## ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

## Партиялық-саяси жұмыстың игі нәтижесі

Партияның XIX съезінің бесінші бес-жылдық жоспар жөніндегі директиваларында социалистік ауыл шаруашылығының алдында тұрған басты міндеттер барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық малдың санын оған әрі көбейту, сонымен қатар, оның өнімділігін едәуір арттыру екені атап көрсетілді. Біздің совхоздың партия ұйымы өзінің барлық жұмысын осы аса маңызды міндеттерді орындау мақсатына бағыттауда.

Көктемгі егіс — ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алудың жауапты кезеңі. Сондықтан партия ұйымы бұл жұмысқа әзірлік және оны өткізу мәселелеріне ерекше көңіл аударды. Бұл істе, барлық жұмыстағы сыяқты, партиялық-саяси жұмыстың шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізілуін басты міндет етіп қойды. Осы мақсатпен ұйымдағы 50 коммунистен 19 адам және 15 комсомолец егін шаруашылығы өндірісінің жауапты учаскедерінде тікелей жұмыс істеп, бұқара арасында саяси жұмыс ұйымдастырды. Осының нәтижесінде совхоз көктемгі дала жұмыстарына мұқият әзірленді. Демек, көктемгі дала жұмыстарын ойдағыдай өткізуге қажетті мүмкіншілік жасалды.

Партия ұйымы көктемгі дала жұмыстары басталар алдында партиялық-саяси жұмыстың жоспарын қайта жасап, оны коммунистердің талқылауына ұсынды. Партия жыйналысында көктемгі егіс кезіндегі партия ұйымының міндеті туралы мәселе қаралды. Жыйналыста коммунистер көктемгі егіске әзірлік кезіндегі партиялық-саяси жұмыстың қорытындысына талдау жасап, бұл жұмысты ұйымдастыруда орын алған кемшіліктерді батыл сынады. Сөйтіп, олар көктемгі егісті өткізу кезіндегі партиялық-саяси жұмыстың жоспарын талқылап, бағалы ұсыныстар жасады. Осы жоспар бойынша жоғарыда көрсетілген коммунистер мен

комсомолецтер трактор бригадаларында, транспорт бригадаларында және басқа учаскедерде жұмыс істеді. Мәселен, коммунист Мұстафин астық қоймасынан егіс даласына тұқым тасыды және трактор отрядында үгітші болып істеді. Ол өзінің қажырлы еңбегімен де, әсерлі сөзімен де егіншілерді социалистік жарыстың туын жоғары ұстауға ұйымдастыра білді. Мұстафин жолдас сменалық тапсырмасын 130—140 процент орындап, егіс басына тұқымның көптеп тасылуын қамтамасыз етті. Ол өзі үгітші болып істейтін трактор отрядында дауыстап газет оқу, әңгіме өткізу жөніндегі міндетін де аброймен орындады. Үгітші Мұстафин жолдас тракторшы Леонид Шейфер жолдасын «ДТ—54» тракторымен әрбір сменда 60—70 гектар жерге тұқым себу жөніндегі озат тәжірибесін өзінің әңгімесінде және жауынгерлік листоктар арқылы кеңінен насихаттады. Леонид Шейфердің басқа тракторшылармен тәжірибе ауыстыруын ұйымдастырды.

Осы сыяқты, көктемгі егісте жұмыс істейтін басқа да коммунистер мен комсомолецтер егіншілер арасында авангардтық роль атқарып, оларды қажырлы еңбекке жұмылдырды. Көктемгі егіс кезінде 36 үгітші жұмыс істеді.

Сонымен қабат, біз үгітшілердің әңгімелерімен ғана қанағаттанбай, трактор отрядтары мен мәдени қостарында көрнекі үгітті, саяси баяндамаларды, мәдени-ағарту жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастырдық. Егіншілер мен механизаторлар үшін мәдени қостарында мектеп оқытушыларының және совхоз басшыларының күшімен түрлі тақырыптарда 9 рет баяндама жасалды. Бұл баяндамалар партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары, көктемгі дала жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізу, халықаралық жағдай жөніндегі тақырыптарға арналды. Киномеханик комсомолец Григорий Липатов трактор отрядтарында

кезінде кино фильмдер көрсетіп отырды.

Совхоз кітапханасының меңгерушісі комсомол мүшесі Л. Коннова жылжымалы кітапханалар ұйымдастырып, жұмыстан бос уақытта егіншілердің көркем әдебиет және басқа кітаптарды оқуын ұйымдастырды. Бұл кезде кітап оқушы егіншілердің саны бұрынғыдан екі есе көбейді.

Партия ұйымы көктемгі егіс кезінде фермалар бойынша үгітшілердің кеңесін өткізіп, саяси-бұқаралық жұмысты әсерлі ұйымдастыру жөнінде нұсқау кеңес беріп отырды. Партия жыйналысында көктемгі дала жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде № 1 ферманың меңгерушісі коммунист Дрягин жолдасын баяндамасы, тракторшы Л. Шейфер жолдасын тәжірибесі тыңдалды.

Көктемгі егісте қабырға газеті мен жауынгерлік листоктардың күшін пайдалану мәселесіне жете назар аудардық. Көктемгі дала жұмыстары кезінде «Совхоз жұмысшысы» атты қабырға газетінің екі саны, әрбір трактор бригадаларында 6—7 реттен жауынгерлік листоктар шығарылды. Онда озаттардың жұмыс тәжірибелері жазылып, істегі кемшіліктер сыналды.

Егіншілер арасындағы партиялық-саяси жұмыс өзінің игі нәтижесін берді. Совхоз көктемгі дала жұмыстарын әрбір дақыл бойынша агротехникалық қысқа мерзімде өткізді. Еңбек озаттарының қатары еселеніп өсті. Кәзір совхоз механизаторлары мен жұмысшылары келесі жылдың егісінің қамы — пар жұрту жұмыстарына кірісті. Біз көктемгі егіс кезіндегі партиялық-саяси жұмыстың нәтижелерін баянды етіп, совхоз коллективін ауыл шаруашылығының алдында тұрған басты міндеттерді орындау күресіне белсене жұмылдыра береміз.

Г. ЧЕШКОВ,

Мамлют совхозы партия бюросының секретары.

## ЕГІНШІЛЕРДІ МӘДЕНИЕТТІ ҚАМТУДАМЫЗ

Көктемгі егіс күндерінде колхоздардың егін даласында жұмыс істеп жүрген колхозшыларды мәдениетті қамту үшін Петропавл аудандық мәдени-ағарту бөлімінің инициативасы бойынша мәдени-үгіт бригадасы құрылды. Оның құрамында 12 адам бар.

Бұл күндері мәдени-үгіт бригадасы үш колхоз, екі совхоз және екі селолық Советті қамтуда. Мәдени-үгіт бригадасында жылжымалы кітапхана, түрлі газет, журналдар, шахмат, дойбы бар.

## Техникалық кітапхана



1932 жылы Петропавл станциясындағы техникалық кабинетте жұмысшылар мен қызметшілер үшін шағын ғана кітапхана ұйымдастырылған-ды. Ол кезде кітапханада небары 200 кітап болатын. 1934 жылы бұл кітапхана 2 мың дана кітабы бар техникалық кітапхана болып қайта ұйымдастырылды. Ал, үш жылдан кейін кітапхананың кітап қоры 8 мың данаға жетті.

З. Симухина жолдасын техникалық кітапхананың жұмысына басшылық ете бастағанына 15 жылдан асты. Ол өзіне жүктелген жұмысты зор ынта, асқан іскерлікпен атқарып келеді. Кәзір кітапхананың кітап қоры 20 мың данаға жетті. Устіміздегі жылдың өзінде ғана 200 дана жалпы саяси және техникалық әдебиеттер жаңадан сатып алынды.

Кітапхана жанында 9 адамнан құрылған кітапхана советі бар. Совет мүшелері кітап оқушылар конференциясын өткізуге, дауыстап газеттер оқуға, кітапханаға кітап оқушыларды тартуға белсене қатынасып отырады.

Сонымен бірге, кітапхананың жұмысына құрамында 15 адам бар кітапхана активі үнемі көмектеседі. Әсіресе, машинистің көмек-

шісі Владимир Илюхин, аға кондуктор Юрий Новоктонов және басқа жолдастар кітапхананың белсенді көмекшілері болып саналады.

Кітапхананың кітап қорының көбеюімен бірге, оның кітап оқушылар қатары да өсуде. Кәзір кітапхананың тұрақты кітап оқушылары 600 адамға жетті. Оның ішінде бір жылда инженер В. Шихалев пен В. Шевченко 50 кітаптан, ал, вагон жөндеу депосының электросварщиці Х. Ермаков жолдас 30 кітап оқыды. Бұл сыяқты кітап оқушылардың саны жыл сайын көбейе түсуде.

Кітап оқушы — проводниктер резервінің проводниці Г. Яровенко жолдас Петропавл — Павлодар арасында жүретін № 61 поездың жолаушыларын мәдениетті қамту үшін әрқашан кітапханадан көптеген әдебиеттер алып тұрады.

Кітапхана активі жылжымалы 5 кітапхана ұйымдастырды. Бұл кітапханалар жергілікті жерде кітап оқушыларды кітаппен қамтып отырады. Жуырда кітапхана «Теміржол транспорты — сталиндік бесінші бесжылдықта» деген тақырыпта көрме ұйымдастырып, «И. В. Сталин жолдасын «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген классиктік еңбегін оқып үйреніңіздер» деген монтаж дайындады.

Кітапхана өзінің күнбе-күні жұмысын еңбекшілерге идеялық-саяси тәрбие беру мақсатына бағыттап жүргізеді.

Кітапхана Советінің председателі Симухина жолдас кітап оқушылар активімен бірлесе отырып, саяси, көркем және техникалық әдебиеттерді кеңінен насихаттау жөнінде аянбай еңбек етіп, нәтижелі жұмыс үлгілерін көрсетуде.

СУРЕТТЕ: кітапхананың кітап оқушысы, машинистің көмекшісі В. Илюхин жолдас Жандарова мен Агафонованың жұмыс әдісі туралы плакат дайындап тұр. Сол жақта — кітапхана меңгерушісі З. Симухина жолдас.

Сөзін жазған және суретті түсірген А. Розенштейн.

## Жаңа кітаптар

А. Тимофеевский. Ленин мен Сталин әдебиет баспасы. 1953 жыл, 10 мың дана, 234 бет.  
Ә. Әбішев. Пьесалары. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 1953

## Бейбітшілік Шарты үшін!

МОНГОЛ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКМЕТІНІҢ БЕЙБІТШІЛІКТІ  
ҚОРҒАУДЫҢ ХАЛЫҚТАР КОНГРЕСІ  
КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАТЫНА  
ҚАЙТАРҒАН ЖАУАБЫ

УЛАН-БАТОР, 17 май (СОТА). «Ун-эн» газетінде МХР үкметінің бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресі комиссиясының хатына қайтарған жауабы жарияланды. Жауапта, бейбітшілік пен халықтар арасындағы ынтымақтасу ісіне адал МХР үкметі, өз елі халқының бейбітшілікке деген еркін білдіре келіп, бес ұлы мемлекет арасында Бейбітшілік Шартын жасау туралы бейбітшілікті қорғаудың Венада болған халықтар Конгресінің аяулы инициативасын шын жүректен құттықтап, батыл түрде қолдайтындығы айтылған. МХР үкметі мен монгол халқы барлық елдер үкметтерінің шын ниетпен тілек білдіруі нәтижесінде халықаралық шиеленісуді тудыратын мәселелерді бітім келіссөздері және ынтымақтасу арқылы реттеуге болады деп толық сенеді.

МХР үкметінің жауабында бес ұлы мемлекет арасында Бейбітшілік Шартын жасасу барлық халықаралық мәселелерді ойдағыдай шешуді ұлы дәрежеде жеңілдетеді делінген. Біздің халқымыз барлық бейбітшілік сүйгін халықтармен бірге мұнан былай да халықтар арасындағы жаппай бейбітшілікті сақтау үшін күресті тоқтаусыз жүргізе беретін болады.

## ИНДИЯДА ӘЙЕЛДЕРДІҢ БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КОНГРЕСІНЕ ӘЗІРЛІК

ДЕЛИ, 17 май (СОТА). «Кросроудс» газетінің хабарына қарағанда, Индияда әйелдердің Бүкіл дүниежүзілік Конгресіне күшті әзірлік жүргізілуде. Жақын күндерде Делиде әйелдердің бүкіл ұлттық конференциясы болды. Оған елдің барлық түпкірлерінен келген 315 делегаттар қатысты. Конференцияда доктор Тхунгамма құттықтау сөз сөйледі.

Конференцияда әйелдердің Бүкіл дүниежүзілік Конгресіне құрамында 30 адам бар делегация сайланды. Делегацияның құрамына әртүрлі мамандықтар мен түрлі саяси көзқарастағы өкілдер кірді.

Конференция аяқталғаннан кейін Делидегі Ганди Граундз алаңында 8 мың адам қатысқан митингі болды.

Кореядағы оқыйғалар  
ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС  
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

## Комсомол-жастардың бағалы бастамасы

Жуырда «Совет» колхозының (Совет ауданы) бастауыш комсомол ұйымы колхозшы шаруалар, әсіресе, жастар арасындағы спорт жұмысын жақсарту жөнінде бағалы бастамаға жаршы болды. Комсомол ұйымы колхоздағы «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының Советімен бірлесе отырып, спорт алаңдарын жабықтау, колхозшыларға дене шынықтыру тәрбиесін беруді жақсарту жөнінде нақтылы міндеттеме алып, аудан комсомол ұйымдары мен «Колхозшы» ерікті спорт қоғамдарының Советін өздерінен үлгі алуға шақырты.

Колхоз басқармасы мен партия ұйымы колхоз жастары мен «Колхозшы» ерікті спорт қоғамы мүшелерінің бұл бастамасын қызу қуаттады. Сөйтіп, колхоз басқармасы спорт жұмыстарын әрістетуге қолайлы жағдай туғызды, тиісті қаражат бөліп отыратын болды.

Комсомолецтер мен спорт қоғамының мүшелері спорт жұмысын жақсарту жөнінде белгілеген шараларды ойдағыдай жүзеге асыра бастады. Мұнда кәзірдің өзінде егіс бригадалары мен колхоз орта-



Комсомолецтер мен «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының мүшелері колхозды селода спорт алаңдарын салуды, турнир орнатуды, диска және граната лақтыру орындарын жасауды ұйғарды. Мұнымен бірге, олар спорт жұмысын егіс бригадаларында да кеңінен жүргізу үшін әрбір егіс бригадасында волейбол алаңдарын салуды, турнир орнатуды белгіледі.

Колхоз жастары мен «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының мүшелері бұл жұмыстарды 15 майға дейін аяқтап, спорт жұмысын өрістетуге үшін велосипед және ат жарысы, шахмат, дойбы ойындары, жеңіл және ауыр атлетика, атқыштар секцияларын құрды. Бұл секцияларды спорт ісін жүргізуге қажетті шеберлігі және кәсілеті бар Сабеевич, Местоев, Жағышаров, Гривень, Гаплик және Тыщенко жолдастар тағайындалды.

ағында волейбол алаңдары салынып, турнир орнатылды. Диска мен граната лақтыратын және секіретін орындар жасау қызу қолға алынып, футбол алаңын салу жүргізіле бастады. Түрлі спорт секциялары іске кірісті.

Физкультура мен спорт — еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің маңызды әдісі. Ол еңбекшілерді қиыншылықтарға төзе біліп, оны жеңіп шығуға, батыл болуға, өз ісіне берік сенуге тәрбиелейді, олардың денсаулығын сақтайды. Демек, спорт жұмысының көзір жазғы маусымы басталды. Олай болса, жазғы маусымды ойдағыдай өткізіп, «Совет» колхозының комсомолецтері мен спорт қоғамы мүшелерінің үлгісі барлық жерде қызу қолдау табуға тиіс.

**А. МҰХАМЕТОВ.**

Мәдени-үгіт бригадасының мүшелері мәдениет қостарында СОИП XIX съезінің материалдары, халықаралық жағдай, социалистік ауыл шаруашылығы туралы және басқа тақырыптарда өңгімелер өткізіп, баяндамалар жасады. Мәдени-үгіт бригадасының көркем өнершілері Новоқовтың бір ақтылы «Жеке бастың қамы» деген пьесасын трактор бригадалары мен дала бригадаларында қойып берді. Мұнымен бірге, бригада мүшелерінің көмегімен мәдениет қостарында қабырға газеттері, жауынгерлік листоктар шығып тұрады.

Бұдан басқа бригаданың қарауында жылжымалы кинолар бар. Бұл арқылы үгіт бригадасы Петропавл және Асанов МТС-терінің көптеген колхоздарын кинолармен қамтымақ.

**Д. СИЛАНТЬЕВ,**

Петропавл аудандық мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі.

**Г. Кондрашев, М. Макаров.** Қабырға газеті. Қазақтың мемлекеттік баспасы. 1952 жыл, 10 мың дана, 93 бет.

**Т. Уәйісов.** Т. Г. Шевченко Қазақстанда. Очерк. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 1952 жыл, 15 мың дана, 70 бет.

**А. Тоқмағанбетов.** Таңдамалы шығармалар. Қазақтың мемлекеттік көркем

### РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Облысымыздың экрандарында түрлі түсті, көркем суретті кинофильмдердің көрсетіліп жатқанын тек газеттен оқығанымыз болмаса, көзіміз көрмейді. Октябрь аудандық киноландыру бөлімі оқушылар мен колхозшыларды киномен қамту ісіне дұрыс көңіл бөлмей отыр.

Үстіміздегі оқу жылы басталғаннан бері Ленин атындағы колхозға бір рет

жыл, 3 мың дана, 218 бет.

**Қ. Мұқышев.** Орман. Өлеңдері. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 1953 жыл, 3 мың дана, 94 бет.

**М. Исаковский.** Өлеңдері. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 1953 жыл, 5 мың дана, 103 бет.

**Ә. Ахметов.** Өлеңдер. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 1953 жыл, 3 мың дана, 82 бет.

те кино келген емес. Ал, әкелінген кинолар киномеханиктің шалағайлығынан, кино ленталарының жарамсыздығынан сапалы болып көрсетілмейді. Аудандық киноландыру бөлімі ауыл-село жұртшылығының өскелең тілегіне сай, кино көрсету жұмысын жақсартса екен.

**Т. ӘПЕНОВ,**  
**Қ. МҰҚАНОВ.**

**ПАХЕНЬЯН,** 17 май (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованнесі 17 майда былай деп хабарлады:

Өткен күні Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері Қымсеннің оңтүстік-батыс ауданында дұшпанды қарсы болмашы ұрыстар жүргізуде болды.

Бүгін елді пункттер мен ауыл шаруашылығының бейбіт құрылыстарын айуандықпен бомбалаған дұшпанның самолеттерімен кескілескен ұрыстарда Халық армиясының зенит бөлімдері дұшпанның 5 самолетін атып түсіріп, 2 самолетін зияндады.

**АРГЕНТИНАДА ДЮПОН КОМПАНИЯСЫ ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЛАРЫН ТҮТҚЫНДАУ**

ПАРИЖ, 17 май (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Буэнос-Айрестен берген хабарынан көрініп отырғанындай, 16 майда полиция американдық компаниясы «Дюпон де Нэмур» филиалының бірнеше директорын тұтқынға алған. Олардың мемлекетке қарсы астыртын әрекет ұйымдастырғандығын атап көрсетеді.

**ТЕГЕРАНДА СОҒЫС ЖАҒДАЙЫН ЕНГІЗУ**

ПАРИЖ, 17 май (СОТА). Франс Пресс агенттігінің тілшісі Тегераннан былай деп хабарлайды:

Тегеранда үш ай мерзімге соғыс жағдайы енгізілген.

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАПОВ.**

## Киноларда

**«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«АДМИРАЛ УШАКОВ»**

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«СТЕПАН РАЗИН»**

Сеанстар сағат 1-30, 10-да басталады.

Петропавл қаласы, ет комбинатының № 3 жатақханасында тұрушы Яков Дементьевич Тригонос Петропавл қаласы, ет комбинатының № 3 жатақханасында тұрушы Анастасия Ильинична Тригоностан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 4-участоктік халық сотында қаралады.

**В. ХАРЬКОВ.**

## Филиппины халқының қаһармандық күресі

20 миллионға жуық адам мекендейтін 7 мыңнан аса аралдары бар Филиппины — орасан үлкен аралдар тобы деп аталады, оның жері Азияның оңтүстік-шығыс жағалауын тұтас бойлап жатыр. Елдің халқының көпшілігі ауыл шаруашылығымен шұғылданады. Мұнда өнеркәсіп нашар өркендеген және көбінесе ауылшаруашылық өнімдерін ғана өңдеп шығарады.

Филиппины аралдарында темір рудасы, көмір, мұнай, мыс, марганец, алтын өте көп; мұнда қамыс қанты, атақты Манила кендірі, темекі көп өндіріледі. Бірақ бұл байлықты халық немденіп отырған жоқ, бір топ монополистер, көбінесе, елдің бүкіл шаруашылығын іс жүзінде басқарып отырған американдық монополистері немденіп отыр.

Филиппинының қолайлы стратегиялық жағдайы, оның орасан көп табиғат байлықтары және арзан жұмыскер күшінің болуы империалистік отаршыларды ертеден қызықтырып келді. Өткен ғасырдың аяқ шенінде Филиппины халқы көтеріліс жасап, Испанияның үш жүз жылға созылған тепкісінен құтылып, өз елін тәуелсіз республика деп жариялаған болатын. Бірақ осыдан кейін көп ұзамай Құрама Штаттар Филиппиныны басып алып, ол американдық отарына айналды.

1942 жылдың басында Филиппины аралдарын жапон империалистері оккупациялап алды. Филиппинының буржуазиялық-помещиктік басшы топтары жапон басқыншыларымен ынтымақтасқан болса, халықтың басым көпшілігі қолына қару алып, оккупанттарға қарсы көтеріліс жасады. Кеңінен өрістеген ұлт-азаттық күресі бұдан бұрын да американдық отарлық үстемдігіне батыл қарсы шыққан елдің патриоттық күштерін онан әрі

топтастыруға көмектесті. Дүниежүзілік екінші соғыс аяқталғаннан кейін бұл күрес АҚШ империалистерін Филиппиныда өз үстемдігін сақтаудың жаңа, неғұрлым бүркемеленген формасын іздеуге мәжбүр етті. Капитализмнің жалпы кризисі шиеленіскен жағдайда, ұлт-азаттық қозғалысы қарыштап өркендеген жағдайда отарлық тонау саясатының ескі формалары мен әдістерін жүзеге асыру мүмкін болмай қалды. 1946 жылы Филиппиныға формальды түрде «тәуелсіздік» берілді.

Бірақ, шынында, Филиппины дербес елге айналған жоқ. Бұл ел саяси және экономикалық жағынан бұрынғысынша АҚШ-қа тәуелді болып отыр. Мұны американдық баспасөзінің өзі де қуаттауда. Мысалы, «Прогрессив» журналы жақын арада былай деп жазды: «Біздің Филиппиныдегі үстемдігіміз бірқатар заңдармен баянды етілді, бұлардың ішіндегі ең маңыздысы «сауда туралы заң» болып табылады». Осы заңға сәйкес американдық монополиялары Филиппинының бүкіл экономикасын өз қолында ұстауға және алып қана қоймай, сонымен бірге филиппиндықтармен «тең жағдайда» елдің табиғат байлықтарын пайдалануға да право алды. Оның бер жағында бұл «заң» Филиппины товарларының АҚШ-қа апарылуына қатаң шек қояды. Осының салдарынан, егер 1952 жылдың алғашқы жартысында Филиппинының АҚШ-қа апарған экспорттың құны, 1951 жылдың тиісті кезімен салыстырғанда, 27,2 проценті кеміп, әлі де азаялып отырған болса, американдық товарларын бұл елге әкелу 1952 жылдың аяғында, сол жылдың басындағымен салыстырғанда, екі есе дерлік артқан.

Ресми мәліметтерден айқын көрінгені

ніндей, Филиппины саудасының тапшылығы 1952 жылы 147,7 миллион песо болған, яғни іс жүзінде бюджеттің төрттен бірінен артық болған. Филиппины президенті Кирино жақында былай деп мәлімдеді: «Егер Филиппины өнімдерінің АҚШ-қа апарылатын экспорты онан әрі азаятын болса, онда ұлттық экономика апатқа ұшырағалы тұр».

Филиппинының АҚШ-қа саяси тәуелділігін баяндайтын еткен басқа бір теңсіз договор соғыс келісімі болып табылады. Бұл келісім АҚШ-тың 99 жыл бойы Филиппины аралдарының негізгі стратегиялық пункттерінде өзінің ірі әскерлері бар соғыс, теңіз және авиация базаларын жасауына право берді. Бұл келісім, Американың «Ньюс уик» журналының мойындауынша, американдық империалистерінің «Филиппины үкметіне саяси ықпал» жасауына мүмкіндік береді.

Екі жақтан бірдей — американдық монополиялары мен өз қанаушылары тарапынан өзілген Филиппины халқы ауыр қайыршылықта өмір сүруде. Жұмыс істейтіндердің 90 проценті өздерінің күн көруіне жетпейтін жалақы алып отыр. Елде 4 миллион толық және ішінара жұмыссыздар бар, яғни тұрғын халықтың әрбір бесінші адамы дерлік жұмыссыз отыр.

Деревняда барлық жерді түгел дерлік помещиктер иемденіп, олар бұл жерді кіріптарлық шарттармен шаруаларға жалға беруде. Орасан үлкен армияға айналған батрақтар, Американың «Пасифик афферс» журналының айтуына қарағанда, «іс жүзінде креспостнойлардың жағдайына қойылған».

Көп миллиондаған жерсіз шаруалар бұқарасының болып отырғандығы және жер иемденген ірі шонжарлардың ора-

сан көп жерінің өңделмеуі (Филиппиныде ауыл шаруашылығына жарамды 19 миллион гектар жердің небәрі 4,3 миллион гектары ғана өңделеді) елде әлеуметтік қайшылықтардың мейлінше шиеленісіп отырғандығын сыпаттайды. Міне сондықтан да Филиппинының жапондар оккупациялаған кезде алғашқы партизан отрядтарының шаруалардан құрылғанына тандануға болмайды. Осы бытыранды отрядтардан 1942 жылғы 29 мартта Лусон аралында Жапонияға қарсы халық армиясы — Хукбалаханың ұйымдасуы, Филиппинының жапон басқыншыларынан азат етуде едәуір роль атқарды.

Соғыстан кейінгі кезде Хукбалаханың негізінде құрылған Филиппинының Халық-азаттық армиясы — Хукбонг ең кедей шаруалардың, ауылшаруашылық жұмысшыларының және өнеркәсіп пролетариатының кеңінен қолдауына ғана сүйеніп отырған жоқ, сонымен бірге интеллигенция мен қаладағы ұсақ буржуазияның патриоттық топтарына да сүйеніп отыр. Халық-азаттық қозғалысына компартия басшылық етіп, ол елдегі барлық патриоттық күштерді бостандық жолындағы, ұлт-азаттық жолындағы күреске топтастыруда, Халық өзінің армиясын азық-түлікпен жабдықтап, оның қатарын толықтыруда.

Филиппины халқының ұлттық тәуелсіздігі мен бостандығы үшін өте ауыр жағдайда күрес жүргізуіне тура келіп отыр. Елде террор және қатал жазалау тәртібі орнатылған. Халық-азаттық күштеріне тілектестік білдіргендігі сәл сезіле қалса, жазалаушы отрядтар тұтас селеннелерді өртеп, олардың тұрғын халқын атып өлтіруде.

Бірақ ұлт-азаттық күресінің от-жалыны онан әрі өршуде. Кәзір Хукбонг ар-